«6D020600 - Дінтану» мамандығы бойынша
философия докторы (PhD) дәрежесін алуға дайындаған
Алтайқызы Айкерімнің
«Постмодерн дәуіріндегі діни білім беру феномені: Қазақстан және АҚШ тәжірибесі» тақырыбында жазылған диссертациялық жұмысына ресми

СЫН-ПІКІР

1. Зерттеу тақырыбының өзектілігі және жалпы ғылыми, жалпы мемлекеттік бағдарламалармен (практикалық және ғылым мен техника дамуының сұраныстарымен) байланысы.

Алтайқызы Айкерімнің «Постмодерн дәуіріндегі діни білім беру феномені: Қазақстан және АҚШ тәжірибесі» тақырыбында жазылған диссертациялық жұмысының мазмұны және көтеріліп отырған мәселесі тұрғысынан алғанда дінтану және исламтану ғылымдары салаларында өзекті мәселелердің бірі болып табылады.

Тәуелсіздік жылдары Қазақстанда діни білім беру институтын қайта құру қажеттілігі туындады. Осы орайда идеологиялық, құқықтық-заңнамалық мәселелер де туындап отырды. Аталмыш институттың тиімді жүйесі мен даму бағдарын анықтау үшін азаматтық қоғам барынша жетік дамыған, демократиялық құндылықтар үстемдік құрған, зайырлы елдердің тәжжірибесін зертеп, олардың ұтымды жақтарын қазақстандық шынайылықта қолдану – маңызды. Сондықтан аталмыш жұмыс екі елдің діни білім беру үлгілерін салыстырмалы талдауға арналып отыр.

Болашақта зерттеу жұмысында көтерілген мәселелер мен проблемалар бірте-бірте оң шешімін табады деген ойдамын. Олай болса бұл зерттеу жұмысы студенттерге, білім беру бағытында жұмыс істейтін мекемелер мен ұйымдарға тәжірибелік материал бола алады.

2. Диссертацияға қойылатын талап деңгейіндегі ғылыми нәтижелері

Диссертант тақырыпты ашу барысында зерттеу нысанына қатысты шетелдік және отандық деректерді қоданған. Оларды саралап, негізгі түйіндерді аша білген. Диссертант жұмыста көрсетілген міндеттерді орындау аясында жеті ғылыми нәтижені алға тартқан:

бірінші нәтижесінде постмодерн дәуіріндегі діни білім берудің плюралдық және толеранттық сипаты ашылған;

екінші нәтижеде діндарлық пен зайырлылықтың органикалық тепе-теңдігін онтологиялық тұрғыдан ашу мақсатында діни білім беру феноменін объективті тарихи тұрғыда қайта құру мәселесін тұжырымдаған (реконструкция);

үшінші нәтижеде діни білім берудің дискурстары мысалында діни білім берудегі рухани-өнегелік императивті анықтаған;

төртінші нәтижеде қазақстандық көпдінді қоғамдағы діни білім берудің ерекше бірегейлігін айқындаған;

бесінші нәтижеде постмодерн дәуіріндегі діни-ағартушылық процестің ерекше және әмбебап дамуын айқындау мақсатында Қазақстан мен АҚШ-тағы діни білім беру тәжірибелеріне салыстырмалы талдау жүргізген;

алтыншы нәтижеде діни білім беру үдерісі барысындағы дүниетанымдық бағдарларды сараптау мақсатында Қазақстан мен АҚШ-тағы діни білімнің мәртебесі мен сипаты анықталған;

жетінші нәтижеде діни экстремизмнің алдын-алуда және оңалту шараларында діни білімнің маңызы, сондай-ақ діни білім беру тәжірибелерінің сапалы мазмұнын қалыптастыруға күш-жігер жұмсау қажеттігі дәлелденген.

Диссертациялық жұмыстың ғылыми нәтижелері жұмыстың әр тарауымен және өзара сабақтасқан.

3. Диссертацияда тұжырымдалған әрбір нәтиженің, тұжырымдары мен қорытындыларының негізделуі және шынайылық дәрежесі

Бірінші ғылыми нәтиже тиісті деректермен, ғылыми мысалдармен негізделген. Діни білім берудің плюралдық және толеранттық сипатының постмодерн заманындағы белгілері анықталып, белгілі деңгейде зерттеу жұмысы жасалған. Бұл ғылыми ұғымға тиісті анықтама беру мақсатында теориялық-әдістемелік қайнаркөздер, ғылыми әдебиеттер қарастырылған.

Екінші ғылыми нәтижеде діни білім беру феноменінің объективті реконструкциясын жасауға деген талпыныс байқалады. Қоғамдағы діндарлық пен зайырлықтың тепе-теңдігін ұстап тұрудағы діни білім берудің мүмкіндігі мен рөлі анықталған.

Үшінші ғылыми нәтижеде діни білім берудің дискурстары талданып, ондағы рухани-өнегелік бағдарлары айқындалған.

Төртінші ғылыми нәтижеде қазақстандық мультимәдениетті қоғамдағы діни білім берудің ерекшелігі ғылыми дереккөздер мен құқықтық құжаттарды қарастыру арқылы зерделенген.

Бесінші ғылыми нәтижеде диссертант постмодернизмдегі діни сауаттылық үдерісінің айрықша және жан-жақты дамуын айқындау мақсатында Қазақстан мен АҚШ-тағы діни білім беру тәжірибелерін салыстырмалы зерттеу арқылы зайырлы қоғамдағы діни білім берудің тиімді үлгісін анықтаған.

Алтыншы ғылыми нәтижеде ғылыми дәлелдермен дәйектелген. Діни білім беру жүйесіндегі дүниетанымдық бағыттарды талдау аясында Қазақстан мен АҚШ-тағы діни білімнің бүгінгі сипаты мен орны анықталған.

Жетінші ғылыми нәтиже Теріс ғаымдарға, діни радикализмге жол бермеудің бірден-бір жолы – сапалы әрі жүйелі діни білім беру үрдісін қалыптастыру, сол арқылы халықтың діни сауаттылығы мен иммунитетін арттыру екендігі тұжырымдалған.

4. Ізденушінің диссертациясында тұжырымдалған әрбір ғылыми нәтиже (қағида) мен қорытындының жаңашылдық деңгейі

Бірінші ғылыми нәтиже салыстырмалы түрде жаңа. Постмодерн кезеңіндегі діни білім берудің плюралдық және толеранттық табиғаты талдалып, оның тәжірибелік мәніне түсініктеме берілген.

Екінші ғылыми нәтиже салыстырмалы түрде жаңа. Діндарлық пен зайырлылықтың органикалық теңгерімін онтологиялық сипаты бойынша ашу жолында білім беру құбылысын объективті тарихи қайта құру туралы түйіндеме ұсынылып, діни білім беру құбылысын зерттеуде жаңа ғылыми көзқарас қалыптастыруға қадам жасалған.

Үшінші ғылыми нәтиже салыстырмалы түрде жаңа болып табылады. Діни білім берудің дискурстары мысалын қарастыру арқылы діни білім берудегі тәрбиелік мазмұн анықталған, сондай-ақ адамның үздіксіз кемелдену жолындағы діни білімнің рөлі аңғартылған.

Төртінші ғылыми нәтиже салыстырмалы түрде жаңа. Қазақстандық полидінді ортадағы діни білім берудің ерекше бірегейлігі анықталып, ислами білім беру жүйесінің мүмкіндігі мен қазіргі сипатына сараптама жасалған.

Бесінші ғылыми нәтиже салыстырмалы түрде жаңа. Постмодерн заманындағы діни білім үрдістерінің айрықша және әмбебап жетілу жолын белгілеу мақсатында Қазақстан мен АҚШ-тағы діни-ағартушылық тәжірибеге белгілі деңгейде салыстырмалы талдау жұмысы жасалған; екі елдің басымдықтары, әлсіз тұстары және тәжірибемен бөлісу мүмкіндіктері қарастырылған.

Алтыншы ғылыми нәтиже жаңа болып табылады. Діни білім беру үдерісідегі дүниетанымдық, ділдік ерекшеліктерді талдау негізінде Қазақстан мен АҚШ-тағы діни білімнің орны мен беделі, сонымен қатар аталған мемлекеттердің жүйесіндегі ұқсас жақтары мен өзгешеліктері анықталған.

Жетінші ғылыми нәтиже салыстырмалы түрде жаңа. Діни білімнің діни радикализм мен фундаментализмнің алдын-алудағы маңызы және діни білім беру тәжірибелерінің сапалы мәнін қалыптастыруға баса назар аудару қажеттігі, теріс діни бағыттармен күресуде сапалы әрі жүйелі діни білім беру ісінің ең тиімді әдіс болатындығы дәлелденген.

5. Алынған нәтижелердің практикалық және теориялық маңыздылығы

Ізденуші Айкерім Алтайқызы «діни білім беру феномені» ұғымына теориялық және тәжірибелік түсініктеме берген. Достық/ұжымдық қарым-қатынас пен мәдениетаралық байланыс, рухани-өнегелік және жалпыадамзаттық құндылықтар жүйесін шәкірттердің бойында қалыптастыру үшін білім мекемелерінде діни мәдениет пен діни тәжірибелердің белгілерін қолдану арқылы американдық тәжірибені пайдалану мүмкіндіктеріне талдау жасаған, бұл өз кезегінде, мультимәдени білім беру теориясын дамытуға ықпал етеді.

Сонымен қатар зерттеу жұмысы исламтану және дінтану мамандықтары бойынша арнайы курстарды дайындау үшін ғылыми материал ретінде қолдануға болады, сондай-ақ Қазақстанда діни және ислами білім берумен айналысатын мекемелер өздеріне қажетті тәжірибелік кеңестер таба алады.

Диссертацияның негізгі қағидасының, нәтижесінің, тұжырымдары мен қорытындыларының жариялануының жеткіліктілігіне растама

Диссертациялық зерттеу жұмыстың нәтижелері **10 ғылыми мақалада** тұжырымдалған: соның ішінде, ҚР БҒМ Білім және ғылым саласындағы Бақылау комитеті ұсынған философия, саясаттану, мәдениеттану, тарих, экономика сериялары бойынша диссертацияның негізгі қорытындыларын жариялауға арналған **арнайы журналдарда – 4;** шетелдік және отандық республикалық және халықаралық ғылыми **конференциялардың жинағында – 5;** Scopus базасында индекстелетін нөлдік емес **импакт-факторы бар журналда – 1.** Сонымен қатар ҚР БҒМ ҒК Философия, саясаттану және дінтану институтындағы қызмет аясында ұжымдық монографияда 1 тарау жарық көрген.

6. Диссертация мазмұнындағы және рәсімдеуіндегі кемшіліктер мен ұсыныстар

А. Алтайқызының диссертациялық жұмысының жоғарыда аталған жетістіктерімен қатар, кейбір кемшіліктерін де атап өтуіміз керек. Атап айтсақ жұмыс барысында келесі кемшіліктер орын алған:

1. Диссертациялық жұмыстың алғашқы тарауыларында «дін және білім беру», «дәстүр аясындағы білім беру феномені», «исламдағы білім беру тәжірибелері» сынды жанама, жалпылама тақырыптарға көп орын берілген. Дегенмен бұл тарауларда да маңызды тұжырымдар жасалған.

2. Бірінші тараудың үшінші тараушасында диссертант Қазақ жеріндегі Ислам дінінің таралуы мен діни білім берудің тарихи кезеңдері жайлы жазғанда түркі династияларының дәуірі, Қазақ хандығы дәуірі сынды тарихи кезеңдердегі діни-ғылыми ахуалды жалпылама баяндаумен шектеліп, аталмыш кезеңдердегі діни-ғылыми жағдайды, діни білім беру үрдісін тарихи, эпиграфикалық, деректанулық негізде зерттеген ғалымдардың ғылыми жұмыстарына жүгінбеген. Диссертацияда діннің Орталық Азия аймағына таралуы және ондағы Ислам діні негізінде діни білім беру үрдісінің қалыптасуы мен эволюциясы толыққанды зерттелмеген. Сондай-ақ диссертацияда жаңа дәуірде Қазақ жерінде діни білім және рухани тәлім-тәрбие беру ісінде маңызды рөл ойнаған «ахундар» мектебі мен «ишандар» институты жайлы жазылмаған.

3. Диссертацияның екінші тарауының алғашқы тараушасында діни білім беру саласындағы гендерлік бөліну проблемасы жайлы айтылғанымен бұл мәселе тек қана діни иерархиялық құбылыс негізінде қарастырылып, аталған мәселенің нақты діни білім беру үрдісіндегі проблемалары жайлы айтылмаған.

4. Үшінші тараудың үшінші тараушасында диссертант Ислам университеттері жайлы жазғанда, аталған институттардың қалыптасу тарихын, эволюциясын және реформалануын жүйелі түрде, толыққанды зерттемеген.

5. Диссертацияның әр тарауы мен тараушаларының соңында зерттелген тақырып бойынша тиісті тұжырымдар жазылса дұрыс болады.

Жоғарыда көрсетілген кемшіліктер мен ұсыныстар негізінен зерттеу жұмысының негізгі емес, жанама тақырыптарына қатысты болғандықтан қорғауға ұсынылып отырған жұмыстың зерттелу деңгейіне, жалпы ғылыми маңыздылығы мен құндылығына нұқсан келтірмейді.

Диссертация мазмұнының Ғылыми дәреже беру ережелерінің талаптарына сәйкестігі

Диссертант А.Алтайқызының қорғауға ұсынылған диссертациялық зерттеу жұмысының тақырыбы бүгінгі таңда өзекті болып табылады. Диссертация жұмысы алға қойылған мақсаттарға жетіп, толықтай аяқталған. Ізденуші ғылыми түйіндемелері мен тұжырымдарын жазу барысында ғылыми әдістемені қолдана білген. А.Алтайқызының диссертациялық еңбегі қазақстандық дінтану, оның ішінде исламтану және мәдениеттану салаларына үлес қосып, дамытуға ат салысады деген ойдамын.

А.Алтайқызының «Постмодерн дәуіріндегі діни білім беру феномені: Қазақстан және АҚШ тәжірибесі» тақырыбындағы зерттеу жұмысының мазмұны ҚР БҒМ Білім және ғылым саласын бақылау жөніндегі Комитеттің «Ғылыми дәреже беру ережесінің» 2-ші бөлімінің талаптарына сәйкес орындалған.

Жоғарыда айтылған мәліметтерге сәйкес жұмыстың авторы Айкерім Алтайқызын «6D020600-Дінтану» мамандығы бойынша философия докторы (Ph.D.) дәрежесін алуға лайықты деп есептеймін.

Ресми сын-пікір беруші:
Нұр-Мүбарак Египет
ислам мәдениеті университетінің
аға оқытушысы, Исламтану
PhD докторы А.Б.Акимханов

Кадрлар бөлімі
Отдел кадров